

Сауле Тютөбаева

Гүлдана Мұхтарбекқызы

SUPER-MEN

4-кітап

Мансұрдың ерлігі

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

М 86

М 86Super – Мен. 4-кітап. Мансұрдың ерлігі: Балаларға арналған әңгімелер. / Тютөбаева Сауле, Мұхтарбекқызы Г. - Алматы: Астана-кітап, 2021.-48 б.

ISBN 978-601-7595-56-2

Мансұр ең жауапты кезеңге жақындады. Кәсіби футбол мектебінде өнер көрсету оған оңайға соқпайды. Алайда Мансұрдың өзі күтпеген жағдайлар орын алды. Жаңа белестерді бағындыру үшін Мансұр қандай амал қолданды?

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-56-2

© IZDEN publishing house, 2021

© Астана-кітап, 2021

Мазмұны

Маңызды матч.....	6
Жеңіске жеткізер жол.....	7
Кішкентай жеңіс.....	10
Нағыз дос.....	11
Бейтаныс адам.....	14
Смарт сағат.....	15
Сақтық шаралары.....	16
Көптен күткен сәт.....	17
Контрастты душ.....	18
Көмір мен алмас.....	20
Мансұрдың ерлігі.....	22
Үрейге жол бермеу.....	23
Қорқыныш.....	24
Үмітің үзілмесін.....	26
Ауырған адамның көңілін сұрау.....	28
Химиялық заттардан абай бол!.....	29
Ашық терезе.....	31
Айқаймен мәселе шешіле ме?.....	33
Ең бірінші жақсылықты кімге жасаймын?.....	34
Бейтаныс бала.....	36
Жаңа дос.....	37
Өмір – күрес.....	38
Мансұрдың шыдамдылығы.....	41
Мені төмен санамашы.....	42
Өз аяғыңмен жүргенге не жетсін.....	43

Құрметті ата-аналар!

Баланың тұлға болып қалыптасуы үшін не істеуіміз керек? Бұл сұрақ әрбір ата-ананы алаңдататыны рас. Ата-ана баласының бойындағы қабілеттерді анықтап, дамытуы оның қоғамда өз орнын табуына әсерін тигізеді. Балалық шақта бойына сіңген жақсылықтың дәні болашақта өз жемісін берері сөзсіз. Қолыңыздағы кітаптың да көздегені – ата-ана мен баланы осындай асыл мақсатқа біріктіру.

Бұл кітапта отандық педагог-психологтардың, дәрігерлердің бала тәрбиесі мен саламатты дамуына қатысты ақыл-кеңестері шағын әңгімелерде топтастырылды. Кітапты балалар да, ересектер де оқи алады. Балалар өзі сияқты кішкентай кейіпкерлердің қызығы мен қиындығы қатар жүретін өмірінен сабақ алса, ата-аналар сарапшылардың ұсыныстарымен танысып, өз тәжірибесінде қолдануына болады. Ата-ана мен бала кітапты бірге оқып, талқыласа, пайдалы қорытынды шығарады.

Мансұрдың ерлігі



Маңызды матч

Ысқырық. Жаттықтырушының осы белгісі әрбір ойынның алдында балаларды сапқа тұрғызады. Сапқа тұрған ойыншылар жаттықтырушының ойын алдындағы кеңесін тыңдайды.

Ал бүгін Мансұр үшін өте маңызды күн. Олардың қосымша құрамасы негізгі құрамаға қарсы ойнайды. Ойын нәтижесі бойынша екі ойыншы негізгі құрамаға өтеді. Содан кейін олар алдағы болатын жарыстарға қатысуға жолдама алады.

Ойын басталған сәттен бастап, Мансұр ойынға білек сыбана кіріседі. Ол аса қатты шаршамайды да. Ал оның басқа достары ондай белсенді емес. Команданың қорғаушысы Кәрім қайта-қайта алға жүгіре бергендіктен, жартылай қорғаушы Денис артта қалып қойды. Мансұрдың барын салып ойнап жүргенін көрген қарсыластары оны қатаң бақылап, допты одан алып қоюға тырысты. Осылайша, Мансұрдың тобы бірінші тайм соңында 2:0 есебімен жеңіліске ұшырады.

Үзіліс кезінде Мансұр көңілін түсірмеді. Керісінше, әкесінің айтқан кеңесін достарымен бөлісті. Барлығын жинап алып, былай деді:

— Достар, біз жеңіліп жатырмыз. Бірақ бізден бүгін жеңіс емес, жақсы ойын күтеді. Сол үшін әрбіріміз өз рөлімізді жақсы атқарсақ, жақсы командалық ойын болады. Кәрім, сен алға жүгіре бергендіктен, қорғаныс